

ӨТКЕН замандағы қобыз күйшілерінің шығармашылық еңбектерін қазақ қауымына, баршаға жеткізуде қобызшы-домбырашылар Дәулет Мықтыбаев пен Жаппас Қаламбаевтың қосқан үлестері орасан зор. Сол қобызшы-күйшілердің еңбектерін алғашқылардың бірегейлері болып ел аузынан теріп жинастырып, ретке келтіріп, күйтабаққа, күйтаспаға қобызда өз орындауларында жаздырып және осы қобыз тарту өнерін баршаға паш еткен осы екі кісі.

Тек Дүкенұлы Ықыласты ғана

ғары, бір төмен көтеріп қарап өзімен-өзі сөйлескендей түсініксіз күбірлеп сөйлеп, аяғын үнсіз отырып алды. Біраздан кейін осылай отыра тұрайыншы дегендей үнсіз ишарат білдіріп, менің тіземе басын сүйеп біраз отырды. Бір қызығы Ықыластың «Ерден» атты күйі болғанын оның қай себептермен дүниеге келгені, ол күйді кімдер бірінші болып орындағаны жайлы ол кісі еш сөз айтпады, мен де сұрамадым. Себебі: бұл жай екеуімізге де белгілі ғой. Болмаса, каратаулық Жаппас Ерден бабамның әруағына осыншама ілтифат,

кен». (А. Сейдімбеков «Күй шежіре» 332 бет). «Академик Ахмет Жұбанов «Ерден» күйін «Қобыз» күйлерінің ең тамаша үлгілерінің бірі деп бағалаған» (сонда, 340 бет).

Акселеу осы кітапта Ықыластың «Жалғыз аяқ» деген күйі де Ерденге байланысты оқиғаға арналып шығарылғанын баяндай кеткен. Музыка зерттеуші Н. Қабыланованың «Жұлдыз» журналына басылған Ықылас жайлы «Қобыз сазымен еткен өмір» деген мақаласында Ерденнің Ықыласты өз ордасында сыйлы қонақ етіп күтіп, бағалы

ларынан несі кем?!

Тума талант иесі Құрманғазы егерде Европалық деңгейде музыкалық білімі болса, яғни, нотамен жұмыс істей білсе, нелер бір ғаламат музыкалық шығармаларды дүниеге келтірер ме еді. Олардың бір-ақ рет ойнап бізге жетпей ұмыт болған күйлері қаншама десеңізші! Ол жағы, әрине, бізге беймәлім. Осындай ойды Ықылас, Сүгірлер жайлы айтуға болады. Паганини бала кезінде әкесінен таяқ жеп, ұлан-асыр еңбектенудің арқасында скрипка тарту, оған музыка жазу өнерінде әлемдік деңгейдегі

• *Дерек пен дәйек*



сөз етер болсақ оның көзін көрген Ашай, Әбікей, Сүгір сияқты қобызшылардан бұл екеуі тікелей тәлім алған. Ал, Дәулет пен Жаппастың төл шәкірітері Сматай Үмбетбаев, Базархан Қосбасаров қазір көпшілікке танымал қобызшылар. Бұған қоса өнер институтынан жоғарғы дәрежелі музыкалық білім алып, осы Дәулет пен Жаппастың орындаушылық шеберліктерін дамытуға, уағыздауға өз үлестерін қосып жүрген талантты, келешектерінен зор үміт күтерліктей, осы өнер саласының қатарын көбейтіп жатқан жас мамандар қаншама!

Жаппас Қаламбаев тек қобыз күйлерін ғана орындаушы емес, халық әндерін, Кеңес дәуіріндегі қазақ композиторларының ән-әуендерін қобызда орындай білген. Бұны тыңдарман қауым біледі. Бұған қоса домбыра тарту өнерін жақсы меңгеріп, домбыра күйлерін жоғарғы деңгейде тарта білген. А. Сейдімбековтың «Ықыластың "Аққу" күйін алғаш жеткізіп қайталанбас шеберлікпен тартқан Жаппас Қаламбаев» дегені нағыз шындық.

Енді сол Жәкеңмен кездесуім жайлы бірер ауыз сөз. 1963 жылдың жаз айларының бірі. Алматы қаласының оңтүстік-батыс шетінен алғаш рет ірі панельді үйлерден салынған екінші ықшамаудан бірінші болып бой көтерді. Жан-жақтың бәрі жалаңқы, ашық, таяу жердегі елді мекендер алыстау болатын. Қала орталығына бір-екі автобус қатынайтын және сирек жүретін. Бірде автобус аялдамасының маңында арық арнасына екі аяғын түсіріп жіберіп, арық шетінде көгалда отырған, үстінде кара түсті көйлегі бар, басына дөңгелек такия киген, денелі, қоңырқай жүзді егде тартқан бір кісінің қасына барып отырдым. Автобус жуық манда келе қоймады. Қасымдағы жаңағы кісі мені сөзге тартып, біраз сөйлесіп отырдық Өзінің Жаппас Қаламбаев екенін айтты. Ал, Ж. Қаламбаевты қазақ жұртында кім білмейді. Осындай жағдайларда үлкендер: «Өзің қай ел боласын, руың кім?» деген сұрақты міндетті түрде қояды. Жәкең де өз сұрақтарында «оның ішінде кім боласың?» — деген сөздерді жиі айтып, тәптештеп сұрай бастағаннан кейін, бәрібір сөз сол кісінің атына барып тірелетін болған соң, мен:

— Ерденнің ұрпағы боламын, — дедім. Сол кезде ол кісі мол денесімен мен жакқа оқыс бұрыла қарап:

— Не дейді? Рас, шын ұрпағысың ба? — деді де қозғалақтап бейне бір абыржығандық кейіп білдіріп, — Е-е, тектінің тұяғы, асылдың көзі екенсің ғой. Әруақты кісінің ұрпағы екенсің ғой. Шіркін, солар қаңдай адамдар болған! — деп екі көзін бір жо-

құрмет сезім білдірер ме еді. Ол кезде дүниеге таптық тұрғыдан қарау әлібелең алып тұрған шақ. Андасанда радиодан концерт жүргізуші диктордың: Ықылас, «Ерден күйі» деген дауысын ғана естисің. Бұл күй жайлы басқа ештеме айтылмайтын да, баспа беттерінде ештеме жазылмайтын да.

Сонымен көптен күткен автобус та келді. Қоштасарда:

— Жаппас аға, мына жаңа салынған ықшамауданда ауылдас, көршілес болдық, амандық болса, кейін үйімде боларсыз, — дедім. Содан кейін ол кісіні жолықтыра алмадым, көрмедім. Кейінірек газеттерден «Жаппас Қаламбаев дүниеден өтті» деген көңіл айту қазнамасын оқыдым. Менің күні бүгінге дейін бір өкінішім: «неге баратын жерімнің шаруасын қоя тұрып сол кісіні үйге ертіп апарып қонақ етпедім? Не болмаса неге тұратын үйінің адресін алмадым?!» Кім білсін, сол кездегі жастық, өмірден тәжірибесіздігімнің де салдары шығар. Сөз арасында бәйбішесінің дүниеден өткенін, от басындағы кейбір келеңсіз жәйттерді айтып еді. Бұндай жағдайда ол кісінің көңілін аулап, реті келсе қобyzын алғызып тартқызып, қонақ ету менің дал сол кездегі міндетім еді, амал қанша олай болмады. Тақау арада ажалы жететінін кім білген.

Ықыластың «Ерден» күйінің дүниеге келу тарихы Тәкен Әлімқұловтың "Кер толғау", Илия Жақановтың "Ықылас" атты повестерінде, Акселеу Сейдімбековтің «Күй-шежіре» атты монографиялық зерттеу кітабында жазылған. Оқиғаны баяндаулары бір-біріне ұқсас бөлендей өзгешеліктер байқалмайды. Сондықтан бұл оқиғаға мен топталып жатпаймын. Тек күйдің шығу тарихы «Ерденнің Айменде деген баласының өлуіне байланысты» деулері қате. Ұлы Абай жақсы көрген баласы Әбіш өлімінен кейін медет қылып, болашағынан зор үміт күткен, сүйікті ұлы Мағауиясы көз алдында қыршын кеткеніне шыдамай морт үзіліп, тіршілік дүниеден бас тартып, Мағауия өлгеннен кейін қырық күн өткенде қайтыс болған. Ерден де болашағынан зор үміт күткен жақсы көретін сүйікті ұлы Қасым көз тиіп, кездейсоқ оқыс жағдайда жастайында қайтыс болғанда сол Абайдың күйін кешіп, қатты қайғырып, қоршаған ортадан ешкімді елемей, бүк түсіп жатып қалған. «Ерден» күйінің осы Қасымның өліміне байланыстырып шығарылғаны жайлы кейінгі кезде дұрыс жазылып жүр.

Акселеу Сейдімбеков Ықыластың «Ерден» күйіне сипаттама бере отырып күйдің Ықыластың жеке басының өміріне өсері жайлы былай деп жазады: «Ықыластың алғаш рет алыс-жақындағы бас көтерер білікті адамдарға танымал болатыны да осы ке. Тама руының игі жақсыларына олжа салып, өз ағайындарынан арасында зор беделге жет-

сыйлықтар бергені, Омбыға ертіп апарып, генерал-губернатормен таныстырғаны жайлы сөз етеді.

Өткен 20-шы ғасырдың сексенінші жылдарында (дәл қай жылы екені есімде жоқ) Алматының теледидарынан «Ғасырлар үні» деген бірнеше бөлімнен тұратын музыкалық телехабар көрсетілді. Сол телехабардың ашылуы Алматының музыкалық училищесінің жас түлектерінен құрылған кuartеттің Ықыластың «Ерден» күйін орындауымен басталды. Кілен жас жеткіншек, келешек музыканттар бір қатарға бой түзеп отырып, дирижердің көмегісіз, өздері еш қателіксіз синхронды түрде өте әдемі орындап берді.

Осы күйді А. Ғайсын деген жас жігіт теледидарда концерттік программаларда баянда орындап жүр. «Ерден» күйін Төлепберген Әбдірәшевтің басқаруындағы симфония оркестрі орындайды. Бұл бір орнын тапқан, маңызды оң іс деп бағалағанымыз жөн. Оркестрдің орындауындағы күй шерлі әуеннің бояуын қоюлата түсіп, мазмұн-мағынасы биік сатыға көтерілген, күрделенген, ауыр салмақталған сипатты аңғартады.

Теледидардан қазақ халқының өткендегі тарихы жайлы хабар жүріп жатқанда бейнелі суреттемелерде Мавзолей-мазарларды, түйелі керуенді, аспанда самғаған бүркітті, қазақ жерінің өр түкпіріндегі тау-тастарын, өзен-суларын көрсетеді. Енді бір сәт қазақ халқының жаумен алысып, жер үшін тәуелсіздік үшін күресте арып-ашып көрген қиыншылық, азапты шақтары баяндалады. Сол мезетте симфониялық оркестрдің орындауында «Ерден» күйінің қайғылы сарыны баяу үнмен естіліп тұрады. Керемет бір пафостық сәт дерсің Дәл осы кезде мына музыка бір ғана Ерденнің қайғылы көңіл күйін ғана емес, бүкіл қазақ халқының басынан кешірген қайғы-қасыретін нәубетті шақтарын бейнелеп тұрғандай болып сезіледі.

Қайғылы сарын дегеннен шығады, «Ықылас» атты қысқа метражды телефильмде жоғарыда аты аталған қобызшы Сматай Үмбетбаев гастрольдік сапармен Индия мен Пакистанға барғанда: «Ерден» күйін орындағанда залда көзіне жас алған тыңдармандар болды», — дегенді айтты.

Қазақтың көрнекті бір зиялы қауым өкілі дүниеден қайтқанда ол кісімен қоштасу рәсімінде Құрманғазының «Кішкентай» күйі, «Қыз Жібек» операсының ақырғы актісінде Күләш Бәйсейітованың орындауындағы «Жібектің қоштасу» ариясы орындалып тұрады. Бұлар осындай қаралы жиынға өте бір сәтті пайдаланып жүрген музыкалық дүниелер. Осындай жағдайда оркестрдің орындауында Ықыластың «Ерден» күйін неге пайдаланбасқа?! Ықыластың «Ердені» осы тақырыптағы Бетховеннің, Ференц Листің, Мендельсонның шығарма-

атаққа ие болған жоқ па?

Скрипка, виолончели, қобыз бәрі бір типтес музыкалық аспаптар. Ықыластардың да көп шығармаларды дүниеге келтіруі ғажап емес еді ғой, егер музыканы нотаға түсіру тәсілін білген болса.

Кешегі ұлы сазгерлер Құрманғазы, Тәттімбет, Дәулеткерей, Қазанғап, Диналардың деңгейінде күй тудырған, сол туындыларға олардың күйлерінің қасынан ұялмай орын берерлік кеше болған, бүгінде қатарымызда жүрген талантты сазгерлер, құдайға шүкір бар! Олардың аса құнды туындылары: шат-шадыман өмірді бейнелейтін Ахмет Жұбановтың «Би» күйі, Құсайыновтың күмбірлеген «Мерекесі», атына заты сай лиризмге толы Әбдімомын Желдібаевтың «Ерке сылқым», күй өнерінде бұрын кездеспейтін мәнерде орындалатын күрделі, құлаққа жағымды есілетін Секен Тұрысбековтың «Көңіл толқыны». Мінекей, осы күйлері кез келген жеке орындаушы, кез келген ұжымда, оркестрде орындай алады және тыңдармандар бұл күйлерді қошеметпен қарсы алады. Бұл туындыларды осы сазгерлердің артында қалдыратын мәңгі өшпес мұралар деп қарауымыз керек қашанда.

Бәлен деген күй деп дағарадай ат қойып, шұбаланқы, бүкпесіз, қалтарыссыз, бірыңғай бос даңғырдан тұратын, әйтеуір күй деген аты бар, кездейсоқ дүниелер де жетіп артылады. Не істейсің, тындайсың да қоясың. Жазбай-ақ қойшы десең де шала-пұла күлдібадам дүниені ол тағы да тудырады.

Сөз соңында айтарымыз, алдағы келе жатқан Ерден бабамыздың туғанына 200 жыл толуына арналған мерейтойға арнап белгілі драматургтердің қатысуымен «Ерден» атты пьеса жазу ойымызда бар. Ол пьесаны Жезқазғанның театр ұжымы өз сахнасыңда қоюы керек. Пьесаның бір актісі «Ерден» күйінің тууына арналады. Бұл Ықылас ролінде ойнап, оның күйін қобызда тарта білетін жас жеткіншектің болуын талап етеді. Осыған орай, музыкалық ұжымдарға қояр тілегіміз қобызда ойнай білетін жас талант иелерін осы бастан даярлай бастаса өте орынды іс болар еді. Жалпы мерейтойды қалалық, аудандық әкімшіліктердің басқаруымен, жастарды қатыстырып өткізген жөн. Маған жазған жауап хатында Сәтбаев қаласы әкімінің орынбасары Ә. С. Омаровтың да ойлары менің көтерген мәселелеріммен түсіністік тапқан. Ендеше, «Іске сәт!» дей отырып, бәрімізді де Ерден бабамыздың әруағы қолдай жүрсін деп аяқтағым келеді.

**Ерденнің тікелей ұрпағы —
Сәбит ЖАХИК**

Сарыарқа. - 2001. - 30 маусым.